

## Бородулиха ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 21 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 ақпанда № 3692 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 263 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 23.11.2015 № 263 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 және 7-баптарына сәйкес, Бородулиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Бородулиха ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарының Тізбесі белгіленсін.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарының жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу шараларын қарастырсын.

3. "Бородулиха ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 281 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3581 тіркелген, аудандық "Аудан тынысы" газетінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 5 (514), "Пульс района" газетінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 5 (6833)) жарияланған қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Бородулиха ауданы әкімінің орынбасары Р. А. Атаеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Г. Акулов
----------------	-----------

## **Бородулиха ауданы бойынша халықтың нысаналы топтарының тізбесі**

1. Табысы аз адамдар;
2. жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
3. балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
4. кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата-аналар;
5. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
6. зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
7. мүгедектер;
8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
9. бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
10. оралмандар;
11. жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
12. жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар жатады;
13. қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар;
14. терроризм актісінен жәбірленуші адамдар және оның жолын кесуге қатысқан адамдар;
15. 50 жастан асқан әйел адамдар, 55 жастан асқан ер адамдар;
16. нашақорлыққа тәуелді адамдар, АИТВ жұқтырған азаматтар, туберкулез ауруынан жазылғандар;
17. ұзақ уақыт (1 жылдан артық) жұмыс істемеген адамдар;
18. отбасында бір де бір жұмысшы жоқ адамдар;
19. еңбек өтілі жоқ адамдар;
20. техникалық және кәсіптік білім беру, орта білім бітірушілер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК